

## **Марқакөл ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 14/14-VIII шешімі

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңының 8, 13 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Күршім ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Марқакөл ауылдық округі бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Күршім аудандық мәслихатының төрағасы*

*К. Бахтияров*

Күршім аудандық мәслихатының  
2023 жылғы 26 желтоқсандағы  
№14/14-VIII шешіміне  
қосымша

## **Марқакөл ауылдық округінің 2023 - 2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңына сәйкес Марқакөл ауылдық округі бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі-жоспар), "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары –Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген), "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті жол берілетін нормасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданады.

Жоспар құрамында:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Марқакөл ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасын (картасын) (1-қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемаларын (2-қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасын (3-қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасын (4-қосымша);

5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасын (5-қосымша);

6) Марқакөл ауылдық округі аумағында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасын (6-қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигін (7-қосымша).

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін – жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

Күршім ауданы Марқакөл ауылдық округінің табиғи аймағы - таулы, жайылымдардың басым түрі: әр түрлі шөптесінді шалғынды.

Ауылдық округтің жалпы жерқоры 227559 гектар (бұдан әрі - га).

Соның ішінде жайылымдар - 176100 га.



1	Ақжайлау	536	443	1088	195	Марқакөл	4760	4560	7918	2625
2	Қайнарлы,	322	322	835	100					
3	Марқакөл	2804	2748	4179	1806					
4	Былғары – Табыты	195	163	111	23					
5	Қарой	444	444	941	226					
6	Қарашілік	459	440	764	275					

Округте ауыл шаруашылық жануарлары мен құстарына ветеринарлық қызмет көрсету үшін 1-ветеринарлық пункт, 2-мал қорымы ұйымдастырылған.

Ауыл шаруашылығы жануарларын қамтамасыз ету үшін Марқакөл ауылдық округі бойынша 176100 гектар жайылым жерлер бар.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 15-бабына сәйкес, Марқакөл ауылдық округі жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін ауыл шаруашылығы малдарының аналық (сауын) мал басын ұстау бойынша елді мекеннің артықшылығы 1031 гектар (№ 2 кесте).

#### № 2 кесте

№	Ауылдық округі	Жайылым алаңы, (га)	Оның ішінде сауын сиырлар (бас)	Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (га)	Жайылымдардың қажеттілігі, (га)	Артықшылығы, (га)
1	Марқакөл	21551	4560	4,5	20520	1031

Марқакөл ауылдық округінің жергілікті тұрғындарына малын жаю үшін 21551 гектар берілді.

Жергілікті халықтың басқа ауыл шаруашылығы жануарларын жаю бойынша жайылымдық алқаптарға қажеттілігі жоқ, ІҚМ басына жүктеме нормасы - 4,5 га / бас, ұсақ қара мал - 0,9 га/бас, жылқы - 5,4 га/бас (№ 3 кесте).

#### № 3 кесте

№	Ауылдық округі	Халық			Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас., (га)			Жайылымдардың қажеттілігі, (га)				Мал жаю үшін берілді, га	Жетіспеушілігі (га)
		ІҚМ	ҰҚМ	Жылқылар	ІҚМ	ҰҚМ	Жылқылар	ІҚМ	ҰҚМ	Жылқылар	Барлығы (га)		
1	Марқакөл	4760	7918	2625	4,5	0,9	5,4	21420	7126,2	14175	42721,2	21551	21170,2

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі (бұдан әрі - ЖШС), Марқакөл ауылдық округінің шаруа және фермер қожалықтарындағы мал басы: ірі қара мал - 2490 бас, ұсақ қара мал - 3037 бас, жылқы - 2342 басты құрайды.

ЖШС, шаруа және фермер қожалықтарының жайылым ауданы 22952,2 га құрайды (№ 4 кесте).

№ 4 кесте

№	Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың атауы (АЖӘ, ұйымның атауы)	Жалпы ауданы (га)	Ауылшаруашылығы жануарларының түрлері бойынша бар болуы			Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас., (га)			Жайылымдардың қажеттілігі, (га)			Барлығы
			ІҚМ	ҰҚМ	Жылқы	ІҚМ	ҰҚМ	Жылқы	ІҚМ	ҰҚМ	Жылқы	
I	ЖШС, шаруа және фермер қожалықтары	22952,2	2490	3037	2342	4,5	0,9	5,4	11205	2733,3	12646,8	26585,1
Жиыны									Жетіспеушілігі 3632,9			

**Аббревиатуралардың толық жазылуы:**

ІММ-ірі мүйізді мал;


ҰММ- ұсақ мүйізді мал;

ШҚ-шаруа қожалығы.

Марқакөл ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған жоспарына 1 қосымша

**Марқакөл ауылдық округі аумағында құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде жайылымдардың орналасу схемасы (қартасы)**

СХЕМА  
использования пастбищ по Маркакөлскому сельскому округу  
(овла Маркакөл, Карой, Бұлғары Табыты, Қайнарлы, Ақжайлау, Мойылды, Құраштық, Малабай)




Марқакөл ауылдық округі бойынша  
жайылымдарды басқару және  
оларды пайдалану жөніндегі  
2023-2024 жылдарға арналған  
жоспарына 2 қосымша

### Жайылымайн алымының қолайлы схемалары

Жылдар	Учаскелер		
	1	2	3
1	Мал жаю	Мал жаю	Демалыс
2	Мал жаю	Демалыс	Мал жаю

Марқакөл ауылдық округі бойынша  
жайылымдарды басқару және  
оларды пайдалану жөніндегі


## Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы



Маркакөл ауылдық округі бойынша  
жайылымдарды басқару және  
оларды пайдалану жөніндегі  
2023-2024 жылдарға арналған  
жоспарына 4 қосымша

## Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу схемасы

СХЕМА  
использования пастбищ по Маркакольскому сельскому округу  
(село Маркакол, Карой, Былгары Табылгы, Кайнарлы, Аскайлау, Мойылды, Қарашилік, Матабай)




Марқакөл ауылдық округі бойынша  
жайылымдарды басқару және  
оларды пайдалану жөніндегі  
2023-2024 жылдарға арналған  
жоспарына 5 қосымша

**Жайылымы жоқ жеке және заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы**




СХЕМА  
использования пастбищ по Маркакөлскому сельскому округу  
(село Маркакөл, Карой, Былғары Табыты, Кайнарлы, Аюкайлау, Мойылды, Қарашилік, Матабай)



Маркакөл ауылдық округі бойынша  
жайылымдарды басқару және  
оларды пайдалану жөніндегі  
2023-2024 жылдарға арналған  
жоспарына 6 қосымша

**Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы**

СХЕМА  
использования пастбищ по Маркакөлскому сельскому округу  
(село Маркакөл, Карой, Билгари Табыты, Кайнарлы, Аюктайлы, Мойылды, Қарашынық, Матабай)



Маркакөл ауылдық округі бойынша  
жайылымдарды басқару және  
оларды пайдалану жөніндегі  
2023-2024 жылдарға арналған  
жоспарына 7 қосымша

**Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі**

№	Ауылдық округтің атауы	Жайылымға малдардың шығарылу мерзімі	Жайылымнан малдардың қайтарылу мерзімі
1	Маркакөл ауылдық округі	Маусымны 1 жартысы	Қыркүйектің 1 жартысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК